

также определять их физические свойства. Проведен анализ основных понятий, рассмотрены разновидности AutoCAD.

К исследовательским задачам работы следует отнести:

- 1) систематизация теоретических разработок о трехмерном моделировании в среде AutoCAD,
- 2) определение характеристик различных видов AutoCAD,
- 3) осуществление анализа видов AutoCAD как оптимальных средств достижения плодотворных результатов в строительстве и других отраслях.

В работе применялись следующие методы: метод эмпирического исследования (наблюдение, сравнение, описание), методы теоретического познания.

Теоретическая значимость исследования состоит в выявлении общих закономерностей трехмерного моделирования AutoCAD, в описании моделей. Практическое значение исследования состоит в том, что результаты работы могут быть использованы в учебном процессе, в теоретических работах.

Болатбекова Ф.Б.

1 курс студенті, ақсақал Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ

Султанова Г.А.

т.ғ.м., оқытушы, академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ

СОТ САЛАСЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ

Қазіргі ғылым мен техниканың даму қарқыны адамзат баласының талап – талғамының өсуі электронды ақпараттық жүйелердің кең көлемде қолданылуы, ағарту саласындағы жаңа техникалық әдістерді енгізді. Қоғамның қазіргі кездегі дамудың басты белгісі – бұл өндірістің, тұтынудың және адам әрекетінің барлық салаларында ақпарат жинаудың артуы болып табылады. Ақпарат құндылығы мен ақпараттық қызмет көрсетудің салмағы қазіргі қоғам өмірінде жедел түрде өсуде. Бұл ақпараттандыру процесі кезінде материалдық құндылығы болмаса да басты ролі деуге негіз береді.

Қазақстан Республикасында ақпараттандыру процесі басталған кезден бастап-ақ оны қолданудың тиімді жолдары

іздістіріле басталды. Басында мәтін теру, электронды кестемен жұмыс жасау сияқты дайын программалардың көмегіне жүгінсе, қазіргі уақытта әртүрлі салада өзіне әмбебап программалар дайындауға көшті. Оған дәлел қай жұмыс орнына қабылдаған кезде компьютерлік біліміңізді сұрайды, тексереді. Міне, осыдақ бастап-ақ программалаушылардың жұмысының өрісі кеңейіп келеді деп айқын айтуға болады. Ақпараттық технологияларды жұмыс орнында пайдалану өте тиімді екенін сезінген адамдар оны қолданысқа енгізуге үлкен құлшыныс білдіріп отыр. Ақпараттық жасайтын жұмысты компьютер көмегімен жылдам жұмысқа асыруға болады. Сол себепті де ақпараттық технологияларды пайдалану өте тиімді. Электронды мәлімет алмасу көптеген жолға кететін қаражатты үнемдейді. Оған қоса ақпараттық қорлық және жылдам жетуіне сенімді болуға болады.

«Қазақстан — 2030» стратегиялық бағдарламасы приоритеттерінің бірі ұлттық білім моделін қалыптастыру тенденциясымен және Қазақстан білім жүйесін бүкіл әлемдік білім кеңістігіне кіріктіруімен сипатталаын білім беру саласы болып табылады. Ақпараттық қоғамға көшу процесінде ақпарат құндылығы өзгеріп, біздің уақыт кеңістік және қашықтық ұғымдары туралы да түсінігіміз кеңейіп, осылардың барлығы жаңа мәдениетті — ақпараттық мәдениеттің тууына себепші болды. Ақпараттық мәдениетті ақпараттық процестерді ұйымдастырудағы адамдардың ақпараттық қарым-қатынасын қанағаттандыру, қолданған шешімдердің тигізетін әсерін болжап, әлемді бір ұлт күйде көрсете алатын ақпаратты жасау, сақтау, өңлеу, талдау, бейнелеу және пайдалану істерін тиімді ұйымдастыру жолындағы жеткен деңгейі түрінде қарастыру керек.

Қазіргі іскерлік әлемде ақпараттық жүйелердің үлкен мәселелегі ақпаратының бар болуы кез-келген мекеменің табысты болуының қажетті өмірлік шартына айналуда. Ақпараттық жүйенің қазіргі міндеттеріне ақпаратты тиімді сақтау, өңдеу және талдау жатады. Осы мәселені шешуде мәліметтер қорын басқару жүйесі қолданылады [4].

Мәліметтер базасы деп деректердің электрондық сақтаушысын айтады. Оларға қатынас бір немесе бірнеше компьютерлер көмегімен іске асады. Әдетте деректер қоры

деректерді сақтау үшін жасалады. Мәліметтер қоры – ақпаратты сақтауды және де мәліметтерге ыңғайлы, тез кіруді қамтамасыз етеді. Мәліметтер қоры өзінен белгілі бір ережелерге сай құрылған деректер жиынтығын құрайды. Мәліметтер қорын басқару жүйесі деректер қорын құруға, толтыруға, жаңартқанға, жоюға арналған программалық жабдық болып табылады.

Delphi жүйесі деректер базасын басқару жүйесі болып табылмайды, бірақ толық МҚБЖ (мәліметтер қорын басқару жүйесі) мүмкіндіктеріне ие. Ұсынылып отырған Delphi құралы жергілікті және тораптық деректер қорын құрып, және оның ішінде жұмыс істеуге және кез-келген деректер қорымен жұмыс істей алатын қолданба құруға мүмкіндік береді.

Көп қолданбалы МҚБЖ ақпараттық жүйе құруға мүмкіндік береді. Көп қолданбалы МҚБЖ-леріне: Oracle, Informix, SyBase, Microsoft SQL Server,

InterBase және т.б жатады. Delphi да кәдімгі МҚБЖ деп айтуға, оның өзінің кестелік форматының болмауы (деректерді сипаттау тілі) бөгет жасайды. Сондықтан ол басқа МҚБЖ кестелік форматын қолданады. Мысалы: dBase, Paradox, InterBase. Бұны бірақ та жетіспеушілігі деп те айтуға болмайды, себебі аталған форматтар өздерін қасы қолданушылық қабілетін көрсетті. Сонда да DELPHI мүмкіншіліктері арнайы МҚБЖ мүмкіншіліктерінен қарыспайды, кей-кезде олардан асып та тұрады.

МҚБЖ мен жұмыс істеу үшін кейбір аппараттық қамтама керек. Ол өте кең спектрде вариациялана алады – дара дербес компьютерден және көп компьютерлерден тұратын желілерге дейін. Қолданылып жатқан аппараттық қамтама қолданылып жатқан МҚБЖ-ға және ұйымның талаптарына тәуелді. Кейбір МҚБЖ-лер тек қана нақты аппараттық қамтамаға немесе құралға арналған, ал басқалары кең ауқымды аппараттық қамтамалармен және ОЖ-мен жұмыс істей алады. МҚБЖ мен жұмыс істеу үшін әдетте минимум оперативтік және дискілік жады жеткілікті болады (бірақ ол жүйенің керекті өнімділігіне жеткізе алмайды).

Бұл компонент МҚБЖ-ң өзінің бағдарламалық қамтамасын және қолданбалы программаларды қамтиды. Әдетте қосымшалар C, Cobol, Fortran, Ada немесе Pascal деген сияқты үшінші буынды тілдерде немесе SQL сияқты 4-ші буынды тілдерде құрылады.

Дегенмен, МҚБЖ өзі 4-ші буынды құрал-саймандарға ие болады. Олардың арқасында ол өзі қосымшаларды тез жасай алады.

МҚБЖ ортасының ең маңызды компоненттерінің бірі – мәліметтер болып табылады. Мәліметтер компьютер мен адамның арасындағы көпірдің рөлін ойнайды. ДҚ жұмыс мәліметтерін сақтау мен қатар мәліметтерді де сақтайды.

Сот саласының ақпараттық жүйесін құру тақырыбын ашағын объектілерін таңдау;

1. Таңдалған объектілерге сәйкес мәліметтер жинау;
2. Объектілерді зерттеп, атрибуттарын анықтау;
3. Администратор рөлінде болып, барлық ақпараттарды құрастырамыз және жүктейміз.
4. Мәліметтер қорымен жұмыс істеуді ықпалды ету үшін, формалар және статистикалық мәліметтері бойынша есеп беруді құрамыз.

5. Мәліметтер қорымен тез әрі тиімді жұмыс істеу үшін, қолданушы мәзірін құрамыз.

6. Delphi ортасында зерттелген объектілер бойынша мәліметтер қорын құру.

Сот төрелігін іске асыру, сот ісін жүргізудің максималды ашықтығына қол жеткізу бойынша жұмыстарды оңтайландырудың перспективалық бағыттарының бірі ақпараттық-технологияларды қолдану болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің судьялардың VI съезінде берген тапсырмасын орындауда азаматтар үшін сот жүйесін жетілдету және қол жетімді ету, сондай-ақ сот ісін жүргізуде инновациялық технологияларды кеңінен қолдану мақсатында 2014 жылы келесілер іске асырылды:

1. Қазақстан Республикасы сот жүйесінің жетілдірілген Интернет-ресурстары;

2. Сот процессіне қатысушыларды SMS-хабарлама жолдау және электрондық пошта арқылы хабардар ету жүйесі;

3. «Сот құжаттарымен таныстыру» сервисі;
4. «Істерді қарау тізімі» сервисі;
5. «Сот кабинеті» сервисі;
6. «Сотқа шақыру қағазы» сервисі;
7. Сот органдарының бірыңғай 1401 нөмірі бар Call-орталығы;

8. Сот органдарының және «Қазпошта» АҚ ақпараттық жүйелерін біріктіру жүргізілді;

9. Республиканың барлық жергілікті соттары мен облыстық және оларға теңестірілген соттардың кеңселері «Мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі» құрамына кіргізілді.

Сот жүйесін аудио және аудио-бейне фиксацияның (бұдан әрі – АБФ) жетілдірілген жүйелерімен жабдықтау, сондай-ақ компьютерлер мен ұйымдастыру техникасымен кезең-кезеңмен жабдықтау бойынша жұмыс жүргізілді.

Негізгі құралдарды түгендеуді өткізу үшін барлық облыстық соттарға арнайы қондырғылар сатып алынды, бұл – негізгі құралдарды есепке алуын автоматтандыруды қамтамасыз ететін термопринтер және салыстырып оқуға арналған қолмен басқарылатын сканері бар деректерді жинайтын терминалы.

Дамыту аясында Жоғарғы Соттың және жергілікті соттардың бірыңғай платформасы, бірыңғайлаған интуитивтік-түсінікті құрылымы және орталықтандырылған басқаруы бар Интернет-ресурстары жетілдірілді.

Сот ісін жүргізуді автоматтандыру және оңтайландыру мақсатында «Сот кабинеті» және «Сот құжаттарымен танысу» ақпараттық сервистері іске асырылды.

«Сот кабинеті» – елді сот органдарының онлайн сервистері мен қызметтеріне тұлға алуға арналған бірыңғай терезе. Ол арқылы азаматқа, оның өкілі немесе адвокатқа өзіне қолайлы кез келген уақытта мейлен, кеңсесінен шықпастан, интернет желісі арқылы арызды (өтінішті), шағым және наразылықты электрондық үрде жолдауға, мемлекеттік бажды онлайн режимде төлеуге, сот құжатын, сондай-ақ істің статусын көруге және сот актісін басып шығаруға, сонымен қатар процессуалдық шешімдерді қадағалауға мүмкіндік берілген.

«Сот құжаттарымен танысу» сервисі сот өндірісінің жеделдігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін электрондық сот құжаттарымен танысуға арналған.

Сотқа талап арызбен (шағыммен) жүгінген азамат оның тіркелгені туралы талон алады. Одан кейін электрондық хабарлауға келіскен жағдайда оның ұялы телефонына немесе электрондық поштасына оның арызы бойынша сот құжатының

шыққаны және онымен сайт арқылы таныса алатындығы жөнінде логин мен құпия сөз көрсетілген SMS-хабарлама жіберіледі. Бұл ретте азаматтар сот құжатын алуға сотқа барып уақытын кетіріп, қаражатын шығындаудың қажеті жоқ.

Сот жүйесінде заманауи технологияларды, оның ішінде жоғарыда айтылған жобаларды енгізу және пайдалану сот ісін жүргізуді жеңілдетеді, төрешілдік кедергілерді қысқартады, сот органы қызметкерлерінің азаматтармен байланысын азайтады. Бұл сыбайлас жемқорлықтың қысқаруына септігін тигізеді, халықтың уақыты мен қаражатын үнемдейді, еліміздің алды үшін сот жүйесінің максималды ашықтығы мен қолжетімділігіне жетуге мүмкіндік береді.

Сот жүйесі үшін бұл – сот төрелігін іске асыру үрдісін жеңілдету, сот ісін жүргізуді оңтайландыру және автоматтандыру, ақпараттық технологияларды дамыту, бюджет қаражатын үнемдеу.

Қорыта айтқанда жұмыстың нәтижесі Delphi программалау тілін қолданып «Сот саласының ақпараттық жүйесін құру» құрылады. Бұл жүйеге мәліметтерді классификациялау және ұйымдастыру, бөлімдері өзгерген Ақпараттық жүйенің нәтижесінде мәліметтер компьютерде өңделеді. Программада қолданушылардың жұмысын біраз жеңілдету және де уақытты тиімді пайдалануды көздейдім.

Бұл жұмыстың нәтижесінде XXI-ші ғасыр талабына сай қолдануға болатын берілгендер қоры жасалынды. Бұл берілгендер қорын Delphi программасында жасадым. Себебі, Delphi программасымен жұмыс істеу принциптері Windows жүйесіне негізделген, оның объектілері терезе түрінде ашылады. Сондықтан Windows жүйесімен таныс болған қолданушы Delphi программасында берілгендер қорымен жұмыс істеу қиындық тудырмайды.

Бұл жұмыстың мақсаты Delphi ортасының программалық мүмкіндіктерін көрсететін программа және теориялық материал жинақтау болды. Ізденістерімнің нәтижесінде мен көптеген қызықты жайттарға тап болдым. Көп материалды игеріп қана қоймай, ағылшын сөздерін үйрендім. Жалпы жұмыс мен үшін өте пайдалы болды.

Қазіргі кезде жана ақпараттық технологияның жетістіктері, идеялары қолданбайтын саланы айту қиын. Ғылымның әр саласының

есептері программалау тілдерінің көмегімен шешіліп, күрделі құбылыстарды зерттеу мен болжау мүмкіндіктері жаңа деңгейге көтерілді. Программалау технологияларының негізгі бағыттарының бірі – объектіге-бағытталған программалау тілі. Delphi интегралды ортасы объекті программалау принципіне негізделген. Бұл ортада күрделі қосымшалар, анықтамалық және тестілеу жүйелерін, электрондық оқулықтар, мәліметтер қорын құруға болады.

Қазақстан Республикасында ақпараттандыру процесі басталған кезден бастап-ақ оны қолданудың тиімді жолдары іздестіріле басталды. Басында текст теру, электрондық кестемен жұмыс жасау сияқты дайын программалардың көмегіне жетпесе, қазіргі уақытта әртүрлі салада өзіне әмбебап бағдарламалар дайындауға көшті. Қазақстанда ағылшын тілі өте маңызды, әсіресе біздің мамандығымыз бұл тілді бітуді талап етеді.

Ақпараттық коммуникациялық технологияларды жұмыс орнында пайдалану өте тиімді екенін сезінген адамдар оны қолданысқа енгізуге үлкен құлшыныс білдіріп отыр. Апталап жасайтын жұмысты компьютер көмегімен жылдам жүзеге асыруға болады. Сол себепті де ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану өте тиімді.

Электронды мәлімет аласу келтеген жолға кететін қаражатты үнемдейді. Оған қоса ақпараттың толық және жылдам жетуіне сенімді болуға болады. Тіпті ақпараттық коммуникациялық технологиялардың аралық түрі жылдан-жылға дамуда.

Ералиев А.Р.

«Информатика» мамандығының 1 курс студенті,

академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ

Копбалина С.С.

т.ғ.м., аға оқытушы,

академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ

БІЛІМДІ ТЕСТІЛЕУГЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕНІ ҚҰРУ

Оқытудың жаңа ақпараттық- коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін